



БҰЙРЫҚ

“ 29 ” 10 20 21 ж.г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 383-Ө
город Кызылорда

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 2) тармақшасына және Нурмаханов Сактаган Зейнуллаевичті банкроттықты басқарушы қызметінен босату туралы 2021 жылғы 29 қазандағы арызы негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Банкроттықты басқарушы Нурмаханов Сактаган Зейнуллаевич «Нурсат-Бауыр LTD» ЖШС, БСН 050140009789, мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Нурмаханов Сактаган Зейнуллаевич үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2021 жылғы 29 қазандағы №382-Ө бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешектермен жұмыс басқармасына жүктелсін.

Департамент басшысы

Ғ. Орынов

006702